

Әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 269 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 1 шілдеде № 3941 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 27 ақпандығы № 60 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 27.02.2025 № 60 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Зандарын басшылыққа ала отырып, Ақжайық ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Чапаев ауылы "Мұнай базасы" аялдамасы – "Жайық" аялдамасы бойынша жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифі 67 теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. "Ақжайық ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды алсын.

3. "Ақжайық ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауы аудан әкімінің орынбасары Т. С. Шиниязовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

H. Төреғалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақжайық аудандық

мәслихатының сессия төрағасы

Б. Кухаев

Мәслихат хатшысы
"8" маусым 2015 жыл

Д. Жақсыбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК